

**Мәслихаттың 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 71 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 25 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 сәуірде № 9863 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 76 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 17.11.2023 № 76 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Денисов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 71, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9462 болып тіркелген шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Жеңіс күніне орай, табыстарын есепке алмай, 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессиясының төрағасы, Денисов аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*А. Мурзабаев*